

## ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫ МЫСАЛЫНДА

Айткенова Аяулым Сламғалиқызы

[ayaulym.aitken@mail.ru](mailto:ayaulym.aitken@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Туризм» мамандығының 1 курс магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – PhD, доцент Ағыбетова Р.Е.

Тұрақты даму әлемдегі барлық адамдардың, бүгінгі адамдардың және болашақ ұрпақтың да ұзақ та, сау, шығармашылық, әділ өмір сүруін, экожүйелердің бүтіндігі мен саулығын сақтау жағайында, басқа да биологиялық түрлерің өздерінің табиғи ортасында тіршілік ету мүмкіндігін қамтамасыз ететін Жер планетасының қабілеті болып табылады.

Қазақстан Республикасында қабылданған «Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» елің «жасыл» даму жолында көшуіне негізделген экономиканың орнықты әрі тиімді моделін құрудың нақты бағдары белгілеп берді [1].

Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған тұрақты дамуға көшу тұжырымдамасына ел өмірінің барлық салаларында тұрақтылыққа көз жеткізу қағидаттарының көрінісін, мақсаттарын, міндеттері мен негізгі тетіктерін айқындап берді. Ол дамудың экономикалық, экологиялық, әлеуметтік және саяси факторлары ықпалдасуы және Қазақстан халқының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған біртұтас процесс болуы тиіс деп көрсетті [2].

Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты даму бойынша конференциясында күн тәртібінің басты мәселесі кедейшілікті жоюдың стратегиялық жолы ретінде «жасыл» экономика және тұрақты дамудың институционалдық аспектілеріне арналды. «Жасыл» экономика – адамдардың әл-ауқатын жоғарылататын, әлеуметтілік әділеттілікті қамтамасыз ететін және сонымен бірге қоршаған ортаға келетін қауіпті айтарлықтай төмендететін экономика болып табылады. «Жасыл» экономика еліміздің орнықты дамуын қамтамасыз етуді маңызы құралдарының бірі болып табылады [3].

Бүгінгі таңда туризм – экономиканың жедел дамып жатқан салаларының бірі, ол әлемдік ІЖӨ-нің 10%-ын, әлемдік экспорттың 6%-ын және әлемдік экспорт қызметінің 30%-ын алады. Әрбір 11-жұмыс орны дәл осы туристік индустрияда құрылады. Ал Қазақстанда туризмнің ІЖӨ-дегі үлесі 1% ғана деп бағалануда. Оған қоса елге келетіндердің негізгі ағыны – Өзбекстан мен Қырғызстаннан келетін еңбек мигранттары екен. Қазақстандық туристік саланың сарапшылары Қазақстанға туристік мақсатпен келетіндер санының аздығын айтады. Орналастыру орындарының, яғни қонақ үйлердің, кемпингтердің, хостелдердің, мейманханалардың орташа толымдылығы 23,5% ғана. Әрі бұл көрсеткіш төсек-орын саны 130 мыңға бағаланатын еліміздің қонақжайлылық әлеуетінің өзінде осындай болып тұр. 2015 жылы Қазақстанда барлығы 2056 орналастыру орны есептелген, соның 11%-ы ғана жұлдызды қонақ үйлер екен, қалғандары санаты жоқ қонақ үйлер немесе басқа орналастыру орны ретінде саналады. Әлемнің 141 елінің ішінде Туризм және саяхат саласындағы бәсекеге қабілеттілік рейтингісінде Қазақстан небары 85 орынға табан тіреген.

Бүкіләлемдік Туристік Ұйым туристік аймақты, демалуды, оқу кезеңін немесе емделуді ұйымдастыруға қажетті қызметтер мен арнайы құрылымдарымен мықты байланысатын аймақ деп белгілейді. Берілген анықтамадан шығатын қорытынды, туристік аймақ дербес деп есептелу үшін, онда туристердің келуі үшін барлық қажетті құрылымдарды иемденуі қажет. Байқағанымыздай, БТҰ туристік аймақты, турист немесе туристік топтар таңдайтын және қызмет ұсынушылар сататын қызметтері мен туристік құрылымдарға сай орын деп белгілейді.


Аймақтық туризмді дамыту болашағы халықтың әлеуметтік жағдайын арттырумен, жұмыссыздық деңгейін азайтумен, туристік қызметті келген туристке ұсына білу мен әрдайым жаңа әдіс, тәсілдерді енгізумен айқындалады. ШҚО, Үржар ауданының туристік қызмет нарығының даму болашағы зор инновациялық бағыт болып табылады. Сондықтан біздің елімізде туризм аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының қуатты факторы болуы тиіс, сол себепті тақырып өзекті. ШҚО Үржар ауданында туризм мен туристік қызмет нарығын зерттеп, ел экономикасының тұрақты дамуына әсер ететін туристік кластер құру арқылы өңірдегі мәдени құндылықтарды сақтап қалу, жағажай, емдік-сауықтыру туризмін дәріптеу және инновациялық дамуды іске асыру негізгі мақсат болып табылады.

Туризмді дамытуда Қазақстанның келешегі мол және тартымды өлкесінің бірі Шығыс Қазақстан облысы болып табылады. ШҚО туристерге мақтанышпен көрсететін, керемет өлкелер жетерлік, солардың бірі Үржар ауданының шығысында орналасқан Алакөл елді мекені. Ауданның шекаралық орналасуы ыңғайлы Қытай халық республикасымен шекара – 195 км, Семей қаласымен – 560 км, Өскемен қаласына – 510 км, Алматы қаласына – 700 км, Астанаға дейін – 1300 км [4].

Жалпы, аудан аумағындағы автомобиль жолының ұзындығы 1504 км.

Алакөл – Балқаш-Алакөл қазаншұңқырының шығысында, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстар шекарасының қиылысында және Балқаш-Алакөл жазығында орналасқан ағынсыз тұзды көл. XII және XIX ғасырлар арасында оның бірнеше атауы болған: Түрге – Нұр, моңғол тілінен аударғанда «көпір-көл», Алақтакөл, Алатеңіз, Алақта. Көлге 15 өзен құяды, олардың ішінде негізгілері - Үржар, Қатынсу, Емелқұйса, Ырғайты, Жаманаткөл, Тасты. Алакөл деп аталатын көптеген су «ойпаттарының» қасынан атақты Ұлы Жібек жолы өткені белгілі. Сол кездің өзінде-ақ саяхатшылар ауыр жолдан кейін көл жағалауында демалған кезде, көл суының қандай да бір таңғажайып жолмен күшті қалпына келтіретінін және денсаулықты бекітетінін байқаған. Заманауи медициналық зерттеулер көл суының емдік қасиетін дәлелдеген. Алакөлдің теңіз тынысы даланың құрғақ та, ыстық иісімен араласып, қоршаған ортаға жағымды әсер етеді. Сонымен қатар, археологтардың айтуы бойынша, Шығыс Қазақстанның картасындағы бұл ерекше орын қазіргі күнге дейін құстар тайпасы үшін өзіндік «Жібек Жолы» болып табылады. Құстар солтүстіктен оңтүстікке қозғалысы кезінде осы жерге демалу үшін тоқтайды. Бұл жер құстар үшін нағыз жұмақ. Олардың ішінде сирек кездесетіндер де бар: үш жүз қанаттының ішінде 38-і, табиғатты және табиғи ресурстарды қорғау жөніндегі халықаралық одақтың Қызыл кітабына енгізілген. Мысалы, реликті шағала, қызғылт және бұйра бірқазандар, ақ құтандар, қара құтандар, қулар. Үлкен қалалардан алыстығы және климаттың кейбір қатандығы көлді және оның фаунасын туристерден сақтаған болатын [5].

Бүгінде Алакөл демалыс аймағында Шығыс Қазақстан облысы әкімшілігінің ақпаратына қарағанда, жыл басынан бері көлге 450 мың адам демалуға келген. Туристердің 150 мыңы жағалаудағы пансионттарға орналасса, 300 мыңы тек бір күнге көлге түсуге келгендер. Әкімшілік Алакөлге демалушылар саны биыл 600 мыңға жетеді деп болжам жасап отыр. Алакөлдің Жарбұлақ жағалауында 160 демалыс орны, 12 кафе, 27 дүкен мен екі дәріхана орналасқан. Көл суының шипасын Кеңес одағы кезінде-ақ, мәскеулік ғалымдар оның емдік қасиеттерін зерттеп, ғарышкерлер демалатын арнайы жабық жағажайлы демалыс орнын ашқан. Мұнда сол кезде 30-ға тарта ғарышкер денсаулықтарын түзеп отырған.



Бір литр суында 9-10 грамға дейін минералды қоспалар, родон сияқты химиялық элементтер бар.

Аяқ,буын, радикулит аурулана көл суы мен балшығы ем

Алакөл аймағының туристік әлеуеті жоғары сондықтан оны туристік орталыққа айналдыру керек, осыған байланысты келесі мәселелерді шешу мүмкіндігін ұсынамыз:

- «Алакөл» туристік еркін сауда аумағын құру;
- 2. Отандық, сондай-ақ шетелдік туроператорларды тарту мақсатында Алакөл көлінің суы мен балшығының емдік қасиеттерін зерттеу;
- 3. Алакөл көліне жақын аумақта Бурабай мен Қапшағай аймақтарындағыдай ойынханалар, ойын автоматтарын ұйымдастыру мәселесін зерделеу;
- 4. Көлік инфрақұрылымын дамыту мәселелерін шешу:
  - Алматы ст. – Жалаңашкөл ст. теміржол байланысы бойынша тұрақты рейс;
  - Үшарал – Достық автожолдарын жөндеу;
  - Таскескен – Үржар автожолын қайта жаңартуды аяқтау;
  - Жалаңашкөл станциясынан Қабанбай батыр атындағы ауылға дейінгі ұзындығы 60 шақырым автожолды жөндеу (асфальт қабатын жабу, негізі дайын);
  - 1 маусымнан бастап 30 қазанға дейін Алматы - Үржар, Семей - Үржар, Өскемен – Үржар, Астана – Үржар авиарейстерін қамтамасыз ету (маусымдық рейстер құру);
  - жазғы маусымдағы шағын авиация үшін Қабанбай батыр атындағы ауылдағы қолданыстағы ұшу алаңын қайта жаңарту.
- 5. Алакөл көлінің жағалауы, Қабанбай батыр атындағы ауыл, Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауылының ішкі инфрақұрылымын дамыту мәселелерін шешу:
  - Алакөл көлінің жағалауы, жақын орналасқан елді мекендердегі құрылыстың бас жоспарын, детальдық жоспарлау жоспарларын бекіту (қазіргі кездегі ретсіз құрылыстар көл аумағындағы экожүйенің бұзылуына әкеліп соғады);
  - Алакөл көлінің жағалауын нығайту бойынша гидрологиялық жұмыстар жүргізу;
  - жазғы уақытта халықтың көп жиналуына байланысты жағалаудан балшықты орындарды өңдеу мақсатында СЭС құру;
  - медициналық қызметпен қамтамасыз ету (жағалауда медициналық пунктер салу);
  - жазғы кезеңде Алакөл көлінің жағалауында құқық қорғау жұмыстарын күшейту,
  - демласы билеттерін сату барысында алдын-ала брондау жүйесін құру,
  - жарнамалау жүйесі мен ақпараттық сайттар жүйесін ұйымдастыру

Кесте 1. Әлсіз және күшті жақтарын SWOT – талдау

| <b>Күшті жақтары</b>   | <b>Әлсіз жақтары</b>  |
|--|---|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>- Өлке тарихи- мәдени мұраларға байлығы;</li> <li>- Емдік туризмді дамытуға мүмкіндік беретін Алакөл көлінің болуы;</li> <li>- Ел мақтаныштары ұлы тұлғалардың мекені;</li> <li>- Ірі магистральды жолдарға жақын орналасуы;</li> <li>- Шет елдермен шекараға жақын (Ресей, Қытай) орналасуы</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Өлкенің туризм саласына назар аударылмауы;</li> <li>- Инвестицияның құйылмауы;</li> <li>- Географиялық жағдайына зерттеу жұмыстарының жүргізілмеуі;</li> <li>- Білікті мамандардың жетіспеуі;</li> <li>- Жарнамалық саясаттың жоқтығы</li> </ul> |
| <b>Мүмкіндіктері</b>   | <b>Қатерлер</b>   |
| <ul style="list-style-type: none"> <li>- Рекреациялық, экологиялық, танымдық, емдік, жағажай туризмді дамыту;</li> <li>- Тұрғылықты халықтың әлеуметтік жағдайының тұрақтылығы, қонақжайлылықтың басымдылығы;</li> </ul>   | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Мемлекет тарапынан қолдауға ие бола алмауы;</li> <li>- Қаражаттың болмауы;</li> <li>- Дағдарыс жағдайы</li> </ul>  |

- |  |  |
|--|--|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>- Емдік туризмді дамытуға мүмкіндік;</li> <li>- Ат туризмін дамыту, қымызбен емдеуді қолға алу;</li> <li>- Шет ел туристерінің келу мүмкіндігі</li> </ul> |  |
|--|--|

Алакөл көлінің суының құрамында Менделеев кестесіндегі элементтердің көбі кездеседі, құрамы жағынан Қара және Өлі теңіздерге ұқсас. 2014 жылы Алакөлдің шығыс жағалауында 120 мың адам, оңтүстік жағалауында – 140 мың адам, 2015 жылы 150 адам демалды. Ал жыл сайын 380-400 мың қазақстандық азаматтар Түркияда демалғанды ұнатады. Ыстықкөл маусымына 1 000 000 туристті қабылдайды, оның басым көпшілігі – қазақстандықтар [5]. Қазақстандағы демалыс орындарыды салып жатқан шетелдік туристік фирмалар болғандықтан, басы-қасына шетелдіктер жүрген соң оның бағасы да шетелдегідей аспандап тұр. Сол себептен де ішкі туризм ақсап тұр. Сондай-ақ туризм саласында жүрген отандық мамандардың 30 пайызы ғана осы сала бойынша арнаулы білім алған. Сондықтан біз туризм индустриясын дамытамыз десек, алдымен отандық маман біліктілігін арттыруымыз керек. Отандық туризм халыққа қолжетімді болуы үшін елдегі туризм жобалары мемлекеттің қадағалауында болуы керек. Мемлекеттік бақылауды күшейтпесек, күні ертең дөң астында тұрған көлге шомылудың өзіне рұқсат жоқ болып қалуы мүмкін. Ендеше қадағалау мен бақылау жұмыстары нығаюуы қажет. Ал аймақтық, отандық туризмді дамытудың бірден бір объектісі ретінде Алакөлді алуға болады. Жоғарыда аталған мәселелерді шешу кезінде 2-3 жылдың ішінде екі жағалауында демалушылар санын 400 мың адамға жеткізе алады, ол қазақстандықтардың денсаулығына, еліміз бен жақын өңірлер экономикасының артуына сөзсіз ықпал етеді.

Туризмнің тұрақты дамуы – бұл ұзақ мерзімді кезеңге бағытталған туризмнің дамуы. Бұл кезде туристік ресурстарды ұтымды қолдану мен жан-жақты серіктестік негізінде экономикалық, экологиялық, әлеуметтік және мәдени даму мақсаттарын іске асыруда теңдікке қол жеткізіледі, барлық мүделілердің қызығушылықтары ескеріледі. Тұрақты туризм – қоршаған орта ресурстарының ұтымды қолданылуы, қабылдайтын қоғамдастықтардың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне қолдау көрсету қамтамасыз етілетін туризм түрі. Мұнда ұзақ мерзімді экономикалық үрдістердің тиімділігі мен тіршілік қабілеті қамтамасыз етіледі, ал туризм дамуынан түсетін қаражаттардың бір бөлігі туристік ресурстарды қалпына келтіруге және туристік қызметтер өндірісінің технологияларын жетілдіруге бағытталады. Қазіргі таңда әлемдік нарыққа шығу үшін бір өнім мен бір сала емес, бір кәсіпорындардың жетістігі онымен байланысты басқа кәсіпорындардың жетістікке жетуіне себеп болатын, сондай-ақ нарықтағы бәсекелестікте үлкен жетістікке жетуге кеергі болатын ортақ проблемалары шешуге бірігетін үлкен кешен қажет.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050 Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолауы, 14.12.2012.
2. Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған тұрақты дамуға көшу тұжырымдамасы. – 2007 жыл.
3. Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшу жөніндегі тұжырымдамасы. – Астана, 2013.
4. [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: [inform.kz](http://inform.kz)
5. «Абай кз» ақпараттық порталы
6. [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: [www.khabar.kz](http://www.khabar.kz)
7. Қамшы.KZ ақпараттық порталы